ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 01 қыркүйек № 4360-23-00-2/1874 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Сансызбаева А.М.,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери инфрақұрылым бас басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Мұрат-Арал Құрылысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери инфрақұрылым бас басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Мұрат-Арал Құрылысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Мұрат-Арал Құрылысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Мұрат-Арал Құрылысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 1 748 723 (бір

миллион жеті жүз қырық сегіз мың жеті жүз жиырма үш) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 54 187 (елу төрт мың бір жүз сексен жеті) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Сансызбаева А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 01.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.10.2023, судья Сансызбаева А. М., 24.10.2023

4360-23-3-1/2030